

Қайсарлық әр қазақтың бойында бар. Десек те, бұл анықтаманы екінің біріне жапсыруға болмайды. Қазақтың шешендік өнерін (шешендік сөзін) қараңғы қалтарыстан жарыққа шығарып, ажарын ашуға күш салған Балтабай Адамбаевтың бұл жолда қиындық былай қалып қиянат көргенін, еңбегі еленбей, көзтүрткіге ұшырап, атақ-абыройдан шет қалғанын бүгінде екінің бірі біле бермейді. Коммунистік қоғам делінетін социалистік жүйенің алып кемесі аяқ астынан төңкеріліп түскенін Бәкең көре алмай кетті. Ұлтымыздың киелі өнерін «тірілтем» деп жүрiп қиянат көрген шiкәттi жүрек жетпiстен аса бергенде соғысын кiлт тоқтатты. Мұның алдында ғалым ағамыз insult алып денсаулық жағдайына байланысты еңбек демалысына шығуға мәжбүр болған-ды. Күй-қайраты кемеліндегі ғалымның газыр сырқауы — қан қысымынан мүгедек боп қалуы ерiк-жiгерi күштi Бәкеңдi көзтасада қалдырды. Докторлық еңбегi қоралмай ол қалды. Шешендік сөзді ел арасынан жинап теруді аяқтата алмады.

Ғалым ағамыз қазақ ауыз әдебиеті делінетін саланы біраз жүлгелеп шығып, халықтың сан-салалы рухани мұрасына ғылыми тұрғыда саликалы еңбектер жазды. «Халық даналығы», «Мақал-мәтелдер» деген зерттеуінде қазақтың шешендік өнеріне тың барлау жасап дәйекті тұжырым, салмақты ойлар айтқан еді. Кеңестік солақай саясаттың шаңдағына көміліп қалған қазақтың шешендік сөздерін шаң-тозаңынан арылттып, өнін ашудағы ғалымның жан-қиярлық еңбегіне баға жетпейді.

Балтабай АДАМБАЕВ - сан қырлы ғалым болатын. Ол кісіге тілмәрік пен шешендік жөргегінен біткен тегінде бар тұма талант еді. Бөкеннің ақындығына қызығатын едім. «Сырларым» деген өлеңдер жинағы қолымнан түспейтін. «Ақбөбек» поэмасы төгіліп тұрған сұлу поэзия. Өлеңдегі шеберлігін кідіртпін әдебиет ғылымына бет бұрған ғалым ағаның қаламы қара сөзден де өрнек төгетін-ді. Адамбаевтың прозасы шымыр келеді. Кейіпкерлері штінен шешен сөйлейді. Прозасы тұтқыр, өлеңдері ойлы көркемдік қуаты басым түсіп жатады. Оңтайына кеп тұрған проза мен поэзиядағы шеберлікті қазақтың шешендік өнеріне саналы түрде бағыттап, бойындағы қарым-қабілетін талмай жұмсаған Бәкең өзін әдебиет ғылымының ауыр саласы фольклорға бейім-деген данышпан жазушы Мұхана, Мұхтар Әуезов екенін әр кез есіне алатын.

Бөкеңмен ашық пікірлесудің сәті

сып жүреді. Есақанның қарамағында болғандықтан, әрі бір бөлмеде отырғандықтан қағаздан жалыққанда ұлы адамдардың ғұмырына байланысты мөлтек сырлар әңгіме айтылып қалады.

Есақаң мейлінше жұмсақ кісі еді. Айтыс-тартысқа киліге берме, жойылып кетесің дейтін маған. Шығармашылық жолда басы дауға ілігіп жазықсыз жапа шеккенін айтатын. Бір мықтының итер-мелеуімен Хамит Ерғалиевтің«Құрманғазы» поэмасын баспасөзде сынап жібергенім бар. «Артықтау кеттің, - дейді ғалым аға. - Хамиттің бұл поэмасы тәуір дүние. Сын асығын солақайлау шығарғанымды Ерғалиев кешпеді. Күні бүгін сонымнан қалмай келеді. Дұшпансыз адам болмайды ғой», - деп және бір сырдың ұштығын шығарды ғалым аға. Шетін жайды маған қарата отырып айтты. Жақсылықты да, жамандықты да ағайыннан көресің деп түспалдады. «Ағайынның азары болса да безері болмайды» деп және майдалады. «Өмірде олай болмайды екен, шырақтарым. Жан тартқан туысың жауыңнан бетер боп шыкса жасар қайраның бар ма?». Осылай дегенде ғалым ағаның қою тығыз шашы қобырап өре түрегелген тәрізденді. Өркілі ауандағы әңгіме тиегін ағытқанда ғалым аға айтар ойына алдымен өзін бейімдеп алатын сыңайлы. Осы жана жайма-шуақ жадыранқы қалыпта отырған Бөкең сәтте ширығып ұыттана сөйлеп кететін еді. Бөкең біраз сөйлеп алды да аз тыныс жасады.

өскен әулет. Бәкең төрт ағайынды. Халық нақылында «Біреудің шығаршықпас жаны бар, екеудің өкпе-бауыр жалы бар, үшеудің қорасанда қолы бар, төртеудің төрт тарапта жолы бар» демей ме. Бұл ағамыздың туыстан қорлық көрдім деп тым таусылғанына жол болсын?!».

Әңгіме байыздаған тұста тоспаға қармақ салдық. Бөкеннің қармағын дөй-дөй сазандар қапты. Асекеңнің қармаққа ебі жоқ боп шықты. Іш пыстыратын шәруа деп расына көшті. Мен кәнігі балықшымын. Олжа балықтарды шопыр жігіттер «жіліктеуге» кірісті. Суға түсіп желпінген соң Бөкең әңгіме арнасын басқа арнаға бұрды. Шөп түрлерін таратып кетті.

- Мынау қай өскін? - деп сұрады менен, мен тосылдым. - Өзі болса жазушымын деп жұлықнады!», - деп жүзін теріс бұрды.

- Шыралжын емес пе, - деп Асекең араға түсті. - Мал жей қоймайды өзін. Аяққа оралғы, әншейін.

- Есесіне қыста қар ұстайды. Басқа өскіндердің жетілуіне септеседі, - деп Бөкең бастапқы әңгімеге ойысты. - Менің бір туысым болды. Туыс-туғанға шыралжын құрлы септігі жоқ. Өзім деумен өзін де тоздырады. Өзгені де жайғайды.

Бөкең тағы да тоқталды. Сөйткенше шыжғырылған балықтың жағымды жасаң ісі танау түрте бастады. Балықтан



ҚАЙСАР

оралған Мұхана көріну маған ауыр соқты. Есақаң ақыл беріп алдынан өтсін деді. Бір күндері жазушы аға оңаша отырысқа шақырды мені. Есақаң қасымда болды. Айтар сөзімді ойша пысықтап алғанымды қайтейін, ұлы жазушының алдына барғанда, не дерімді білмей абдырадым да қалдым. Ол жылдары мен қияпатты болатынмын. Отыз бен қырықтың арасында өткір шоттай лыпып тұрған кезім ғой. Қиянаттан қатты жасып қалсам керек, көзімнен жас төгіліп бара жатты. «Болды, болды! - деді ол кісі, - Бұл ойыншық әншейін. Есмағамбеттен естіп білдім. Болмашыға жұқар-

уымен. Шешендік сөздің азабы маған оңайға түсіп жүрген жоқ. «Үш әріп» назарында ұстайды. Адымымды жаздырмай, көзге көрінбейтін сиқырлы жіппен шырмап тастаған. Ел ішінен оралғанда қойын кітапшаларымды өздеріне алдырып тексерістен өткізіп отырады. Екі-үш қойын кітапшам қолды боп кетті.

Балтабай Адамбаев сол жолғы сапарында бізге аздап ішін ашқандай болып еді. Асанға «Түскен ақынды зертте» деп тапсырды. Маған ең құрығанда аудан орталығына жылжы деп ақыл берді. Тұңғыш кітабым «Сарыбел сазы» жарық көрген соң, 1978 жылы жаңадан құрылған Ақадыр ауданына қоныс аудардым. Газетке тілші боп орналастым. Бейбіт те бұйығы ауыл тіршілігі көрген түстей боп көзден ғайып болды. Тілшілік мені алғашқы кезде қинады. Газет тойымсыз келеді

екен. Аптасына үш рет орысша және қазақша жарық көретін ұнқағаздың бетін төрт-бес тілші толтырады. Газеттің бас-аяғы көрінбейтін таусылып бітпейтін өнімсіз жұмысынан жалығып біткен тілшілер шараппен шақырады шабыттарын. Араққа осал менің де ащы суға тәбетім ашыла бастады. «Тартып жібер, - дейді редактордан бастап, -ішімді ішпенген тілшіден жөні түзу мақала шықпайды». Дал болып дағдарған мен Ақселеуге шығамын. «Тілшілік саған қол емес, - дейді ол көңілімді сөзбен жұбаттып, - Өзін діттеген тұсқа жете алмайсың,бұрылып жолда қала-

жетпісінші жылдардың орта шенінде түсті. Ол жылдары Жаңарқаның Ақтау орта мектебінде мұғалім едім. Өлеңнің жел күреңін біраз бусантып алып прозаға ойысқан кезім еді. 1975 жылдың қысында әкей дүниеден озды. Бәкең көңіл айта келіп, Ақтауда екі-үш күн аялдады. Қойымды сойып, қолымды қусырдым. Қасында жаңарқалық жазушы Асан Жұмаділдин бар. Кадірлі қонақты сыйлап жіберуді Асекеңмен ақылдаса отырып шештік. Сойылған марқаның еті бар, қымыз бар. Ол жылдары жеңіл машина тапшы. Су таситын жаңа машина қонақтың жол көлігі. Асекең газет тілшісі. Ол кісіге парторттің салдырақ уазигі тиді. Екі машинамен Дарат тоғамына кеп тоқтадық. Суға түсіп салқындаған соң тал көленкесінде жайласып отырған біздер Бәкеңе ыңғай беріп қонақтың аузын бақтық. Бәкең сөйлеп отыр. «Сендер ауылда қалдық, Алматыға жете алмадық деп арман қыласыңдар. Менің негізгі мамандығым мұғалімдік. Жамбыл қаласында мектепте істегенмін. Сөз өнерінің дерті мені шыдатпай Алматыға апарды. әдебиет пен өнер институтында Мұханның қарамағында кіші ғылыми қызметкер боп істедім. Мұханды мені жақсы көрді. Сенен үлкен ғалым шығады деп шешендік өнерге икемдеді. Ұлы адамның назарына іліккенімді тұстастарым көре алмады. Ағайын-туыс, жора-жолдастар да жұлдызымның жаңғанын қаламады. Он адам қатар отырсақ, Мұханды жарықтық сөзін маған қарата бастар еді. Мұханның назарына ілігу кім-кімге де арман. Бір жолы көпшілік бас қосқан аудиторияда Адамбаевтың ізденісіне тәңтімін деп айтып қалды. Айтып қана қоймай кішігірім басқосуларда қасына отырғызып алатын. Сөз берігізетін. Сөйлегенімді қош көріп мен сөйлей бастағанда басын изей түсетін. Үлкен адамның ұлы адамның назарына ілігуім дос-жаранның дұшпандығын қоздырды. Маған жауығушылықтың бір ұшығы - ғалым Есмағамбет Ысмайловпен достықта болуымда. Есақанды екеуара әңгімеде мені дос көріп ашық әңгімелесетін еді. Және өзінің Мұханды ілік-шатыстығы бар. Есақанды қожаларға күйеу боп келеді. Содан да ол Мұханды үй ішілік жағдайда арала-

Артықтау айтып қойдым ба дегендей Асекеңе сұраулы кейінгі жүз бұрды.

- Әлгі бір сөз ұштығынан ауытқып кеттіңіз ғой? - деді Асекең ғалым ағаның түйіліңкі қабағын баққан сыншыл назарда. - Бейбіт өмірдің шығаланы тау-сылып бітпейтін шайқас екені әлмисактан белгілі. Біз мына інізді екеуіміз түкпірде ауылдық жерде тұрып жатырмыз. Ағысы баяу ортада. Сіз болсаңыз нағыз көбік шашқан асау толқынды ағыстың нақ ортасындасыз. Толқынға қарсы жүзген адамды туыс-туғаны демеп, дос-жараны қолдап тілеуестік білдіргені қазақтық қасиетіміз емес пе?

«Сен де бір қадалған жерінен қан алмай қоймайтын көк сона болдың-ау, - деп Бәкең жүзіне күлкі үйірді, - Ағайын-туыс сенде де бар шығар. Қайып Айнабековтың термесін жаңарқалық әнші Игілік Омаров нәшіне келтіре орындап жүр. «Ақымақ бала алдыңда көрініп жүрген жынмен тең, кекесіні келіннің езіп берген умен тең. Жаман туыс бір масыл, арқаалаған құммен тең», - дегенде көзіне жас келеді. Туыстың жаманы болмайды, наданы баршылық. Сені жер қылып жігерінді жасытатын сол надан туыс. Абай да ағайыннан шеккі көрген. «Ағайын бек көп, айтамын егітеп, сөзімді ұғар бір жан жоқ», - деп түңілмей ме. Абайды тыңдамаған ағайын кімді оңдырады», - деп біртөктады да, Бәкең сөпкеге қол созды, - Бұл шіркін атамның асы емес, шарап шығыстан шыққан. Қардың басын қар алмай ма? Ащы заһар іштегі шерінді басады.

Менің де ойым қозғала бастады. Әкем сексен төрт жасады. Айтқан басты өсиеті мынау: «Ұрлық қылма, кісіге қиянат жасама, өтірік айтпа». Содан соңғы бір сөзі құлағымда қалды. «Балам, ағайыннан сақ бол. Туыстан кетісің опа таппайсың. Көтерімді бол, шырағым». Менде жөнді туыс та жоқ.

Өзім бір әкеден жалғызбын. Шешем сегіз құрақ көтеріпті. Содан қалған жалғыз мен ғанамын. Әкем төрт әйел алған. Солардан тоғыз бала көрген. Тірі қалғаны мен ғана. Түп нағашым Бектұрсын әулеті өскен ата. Әкемнің туған нағашысы Бектұрсынның Божанынан тоғыз бала тараған. Адамбаевтар да

қарытқан соң, Бәкең үзілген әңгімесін сабақтады.

- Мұханды алыс сапарға Жапонияға шығарып салған қарсаңда, Есақанды маған жазушы аға тапсырып еді деп бір конверт ұсынды. Конверт жемілделген. Сыртына «Адамбаевтің жеке өз қолына» деп жазылған Мұханның қолтаңбасын тани кеттім. Танығанымды қайтейін, конвертті ашып жібергенде, Мұханның атына жазылған ұзақ-сонар арыздың нобайы көзіме жылан ізіндей суық шалынды да, бетімді баса қалдым. Бетімді басқаным - шарасыздықтан. Бүтін жандуиіем қан қақсап әкетіп барады. Өкініштен өзегім күйген мен өз басымды өзім қойғыштай бастадым. Есақандың зәресі ұшып кетті.

- Не болды-ей саған!? - Хатты қолына ұстата бердім, - Білдім, білдім! - деді ол кісі жалалы шағымды көзімен жүгірте оқып шығып, - Әнебіреу ғой. Жаның емес пе ол?

Жақыным деп жан тартқан туысқа - ным аямас жаулыққа бекініпті. Өзінің жазуы мұншалықты мөрдей айқын болар ма. Әдемі сұлу әріптермен тізбеленген сөз кестесі мейлінше қолапайсыз, тым зорлі. «Мұха, сіз ұлы жазушысыз. Сізді жер жүзі таныған, - дей келіп сөз уытын менің атыма төгеді,- Адамбаевты жерлестері біздер жақсы білеміз. Ол қан майданда да опасыздық жасаған», - дей келіп қанқу сөзге басқан. «Сіздің басқан-тұрғаныңызды дұшпандарыңызға жеткізетін жансыз ол. Кітаптарыңызды сынады. Баяғы байшылық сарынмен жазылған шығармалары коммунистік идеологияға жат деп бөседі. Онымен де қоймай, сізді моральдық бейнесі таза емес деп майыстырады. Сіздің атағыңызға кір жағатын осындай жансыздардан аулақ болғаныңыз жөн. Адамбаевтан сақтаныңыз...». Шағымға аты-жөнін бадырайтып тұрып тіркеген. Қолын да қойып тастаған.

Бәкең әңгіменің осы тұсына келгенде босаңсыды. Көзінен жас тамшылары үзілді. Асекең ондай жағдай менің де басымнан өткен деп жайып-шуды. Менің де көңілім бұзылды.

- Сендер мені айыпқа бұйырмандар, - деді Бәкең шұғыл шырығып, - Қиыны алда болатын. Жапониядан көңілді

ма. Ағың ақ, қызыл қызыл боп бұрығыша жүре бер. Бүлінген түк те жоқ».

- Содан былайғы жерде Мұханды сырттап жүретін әдетке бастым, - деп жалғастырды Бәкең әңгімесін, - Туысқанымның жазықсыз жаласы уақыт ыркымен кемескі тартса да жүректе дақ қалдырды. Дұшпансыз адам болмайды. Туысқаным мені әдеби ортада бөжекей етіп шығарды. Мұханның атына жазған арызды Алматыға таралып кетті.

- Сонда ол сізге не қыл дейді? - деді Асекең шыдамсызданып.

Мен де аң-таңмын. Ілік мынадан шыққан. Әулеттің бетке ұстар үлкені болғандықтан Бәкең әлгі арызшы «іні-сымағына» өзімсініп ақыл айтпай ма. «Әке-шешен мені көрген сайын жылайды. Алматыны жерсіне алмаймыз дейді. Кейуаналарды кейіте бермей ауылға көшіріп сал. Өйтпесең олардың жағдайына қара. Қартаға салынғаныңды қой. Түгімізді қалдырмады, баржиган-тергенімізді қартаға салып жіберді деп налиды әке-шешен» демеймін бе. Ілік осыдан шықты.

Асан Жұмаділдин басын шайқай берген. Менің де қу жаным отыр. Бәкең ендігі кезекте бейбіт әңгімеге көшті. Бәкең Асанды сөйлете түседі. Сөзге қонақ беру тәртібін бұлжытпайды екен. Кісінің сөзін бөліп қисынсыз жерде кіліге кететін қызбалығымды жақамай маған қабағын шытынады.

- Асан, сен айтшы. Түскен ақын кім? - деп сұрады одан, - Бірді-екілі өлеңдері қойын кітапшамда бар.

- Сартпастың Түскені ірі ақын. Халық жауы боп ұсталып кеткен, - деп Асекең білгенін айта бастады. Бәкең қағазға түртіп отырды. «Жасасын сәбет жасасын, аспаннан шұға жауса да жия алмас кедей қасасын, сенде бір күн сасарсың, басың жетсе бұтыңа сәкпайынды асарсың» деген керғайсаң өлеңі бар.

- Оны білем, - деді Бәкең бір түрлі шырығып, - Ел ішіндесің ғой. Өлеңдерін жиыстырып көрсенші. Өзің кәдеге асыра алмасаң, маған жолда.

Тықыршыған мені сыншыл көзбен баққан Бәкең өңін жылытқан тілеулес ажарда:

- Сен Түскенге жолама. Кітаптарың шықпай қалады, - деді бұйрықты

сын. Жазушылықпен қоштасасың. Газеттің бір мүйнетіне қиянат жасауға хақың жоқ».

Сол қарсаңда Алматыға жолым түсті. Балаларға арналған жинағым баспада жатқан. Жазушылар Одағына кіріп, шаруамды тиянақтаған соң, Бәкеңе сөлем бере бардым. Түріме қарап жіберіп, қабағын шытынды. «Жүдеп кетіспін» деді ызбарлы ажарда. Жағдайымды жасырмадым. Тыңдап болған соң «Әзірше газетте істей тұр. Әр жұмысқа бір сұғынып, сынапша сырғып жаман үйренесің. Сенде түп нағашыларың біздің қанымыз бар. Қайсарлық керек қазақ баласына. Бұлай етпеймін десен, әкең қойшы болған ғой. Ауылға қайтта қой бақ. Қаладағы біздің күніміз де оңып тұрған жоқ. Ауыл қазағы өзімізді келеді. Баса-көктеп төрге озады. Сыбаға дәметеді. Ішіп-жеп кетпекші. Жөндеп қарсы алмасаң, елге жамандап барады. Сенің де ойың сол шығар. Ағамыз от жаққан жерін көрсетпеді деп. «Таудың етегіне бар да, басына шықпа, жақсының өзін көр де үйіне барма» деген тәмсіл бар қазақта».

Ғалым ағаны үнсіз құптадым. Аудан орталығына орнағалы туған ауылым Қызылтаудан, Ортаудан дос-жаран жерестерім келіп кетіп жатады. Ішіп-жеп кетпесе сөзге қалдырады. Көлден шөлге кеп орнағанымды есепке алатын бірі жоқ. Ауылда ішімдік саябырлау еді. Аудан орталығын арақ тіке буып тұр екен. Жас та, көрі де шарапқа балқып жүреді. Соны айтқанымда Бәкең: «Ішімдік қайда да басқа шығып алған», - деді суық кескінде, - Қала да оңып тұрған жоқ. Мұнда келгенде ішетіндерден қашық жүр. Сендей аңқауларды кейбіреулер «Ақшасы көп, ақылы жоқ» деп пайдаланғысы келеді. Айтпақшы, ақын-жазушылардан кімдерге жақын жүресің?». «Қалихан Ысқаков, Қабдеш Жұмаділов, Софы Сматаев, Тәкен Әлімқұлов, Оралхан Бөкеев сосынғы Ақселеу ғой», - деп шұбырта жөнелдім. «Дұрыс екен. Өлмес күнінді көретіндей дәрежеге жетіп қалыпсың», - деп аз отырды да, шаруа жайымды сұрады, мал-жанымның есебін алды, - Балашағалысың, бірді-екілі ірі қарадан айрылма. Оншақты қой ұста. Мал сүмесі өзек талдырмайды. Қонақуар боп

атағыңды шығармай-ақ, қой. Қазаққа сый жүрмейді. Төріне шығып, текеметінді түріп кетуге бар. Сөз өнерімен дерттенген біз сияқты пақырларға ағайын-туыс қырын келеді. Күндейді, кекеп мұқайды. «Жүйріктің қызығын ел көреді, азабын өзі тартады», - деген емес пе. Суырылған жүйрік болмасаң да, шаң қауып қалмайтынына сенімдімін. Ағайынды өзіне тым жақындата берме. Жора-жолдасты көбейткеннің қажеті шамалы. Ертеңгі күні соларың өзіңе қас боп шығады. Ненің болсын шақтылысы жақсы. Жарықтық, Мұхаң, Әуезовті айтамын, Академияда бір кабинетте отырдық. Ол кісіні Семейден, Абай ауылынан келген жерлестері көп мазалайтын еді. Кабинетке баса-көктеп кіріп келген ел адамына Мұхаң аса шешіле қоймайды, салқын назармен шығарып салады. Елден күн құрғатпай келетін-

Осы естелікті қағазға түсіру барысында, Бөкеңнің артында қалған жары Жаңылхан Досыбекқызымен хабарластым. Жасы сексеннің сегізіндегі жеңгеміз үндемей жатып-ақ біраз шаруа тындырыпты. Бөкең дүниеден озған отыз жылға таяу уақытта өзінің (бұл кісі де ғалым, оқулықтар жазады) қаламақысымен, зейнетақысымен Бөкеңнің еңбектерін шығарып келген. Әр жылдарда баспадан жарық көрген (тиражы аздау болса да) Балтабай Адамбаевтің сегіз кітабы менің де қолыма тиіп бір жасап қалдым. Жаңылхан Адамбаеваның мынадай қымбатшылықта, жасының келгеніне, денсаулығына да қарамастан, аузындағы асынан жырып қазақтың айтулы тұлғасы жар қосағының атын өшірмей еңбектерін жарыққа шығарып жатқаны ұрпаққа үлгі боларлық ересен ерлік. Ғылыми еңбектері бола тұра, өзін

ҚАЗАҚ

дер мені де мазалайды. Көбісі өзімнің жақындарым, томар бас туысқандарым. Мына жұмыстың бір жақсы жері ел аралауға жол ашық. Тынысым ашылады. Еркін көсіліп жазуға партия назары жібермейді. Қазақтың шешендік өнерін саясатпен тұсаулап тастаған. Соның тігісін жатқызумен діңкелеймін. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің өсиеті бар мойнымда. Жеңіл бір тақырыпты қаузағанымда ендігі докторлық атаққа жететін едім. Өлең жазылмай ол қалды. Қара сөзге де икемді едім. Ұстаздық

былай тастап, балаларының несібесінен жырып Бөкеңнің кітаптарын шығарған «жомарттығына» жүрегің езіледі, көзіңе жас келіп, көкірегіңді күрсініс кернейді. Жар жолдасының рухына адалдығынан танбаған кайсар әйелді бағалайтын жан бар ма екен өзі?! Кім қалталы болса, кім билікте жүрсе соны төңіректен құлдық ұрған «өзімшіл тірліктің» сиқы құрысын! Айтулы ғалым қазақ ауыз әдебиетінің қара нары болған артына рухани мол мұра қалдырған ғалымның көзі кеткелі бір

қызметтен және қалыспын».

Содан кейінгі кезеңде Бөкеңмен

телефон арқылы қысқа қайырым, аман-дыкпен шектеліп жүрдім. Көңілін сұрай барғанда, ауруханада жатыр екен. Көп сөз болмады. Көз жанары орнында екен, содан үміттендім.

Баспада жатқан қолжазбаның жағ-

дайымен (ұмытпасам сексен жетінші жыл шығар) Алматыға барғанымда, Бөкең телефон шалып, саушылығын сұрадым. Жақсымын деп еді. Жазушылар Одағына бас сұққанымда, Шона Смаханұлын ақтық сапарға шығарып салуға қам жасаған қаралы жиынға кез болдым. Одақтың екінші қабатында тұратын биік үстелге жайғасқан ақын мүрдесін қоршалғандар алма-кезек сөйлей бастады. Қаралы митінгі аяқтала бере төменнен бір «бауырымдаған» дауыс естілді. Соншалықты зарлы күңіреністі үнмен жоқтау айтқан кәдімгі Балтабай Адамбаев болатын. «Қайсарым-ау, қадірлесім-ау! Тасқа салса қайтпайтын, отқа салса жасымайтын жансебілім-ау! Қазағымның тілі деп, ұлттым деп жүріп күйіп кеттің-ау, мезгілсіз... Қайсарым-ай! Ақ алмасым-ай! Арда бозым-ай!». Ғалым аға өкіре жылаған бойда ақынның ашық жатқан маңдайына кеп бетін басты. Жиналған үлкен-кішіде зәредей толқыныс болса недейсің!? Бөкеңнің қазақы тәртіппен Шона Смаханұлын жоқтаған азалы күңіренісін ерсі көргендердің қыбыр-жыбырын жақамаған бірді-екілі әріптестері: «Адамбаевтікі жөн. Қайтсін, мұның да іші толған шер ғой», - десті. Бөкеңнің қазақтың қайсар ақыны ұлтжанды азамат Шонаны жоқтап жан түбінде бұғынған зар-наласын ашы өксікпен сыртқа шығарғаны көпке дейін есімнен кетпей жүрді. Заманынан шеккі көріп шеттеп қалғанын, әрі саушылығын жоғалтып ғаріптікке дұшар болғанын бақиға бет бұрған үзеңгілесіне шағынып ішін босатып алғаны былайша сөкет емес. Шындығына келгенде, Бөкеңнің сондағы тұстасын жоқтаған азалы күңіренісі жүрек түбінен қайнап шыққан бар қазақтың жан айқайы еді. Тоталитарлық жүйенің сығымында жүріп те ұлтқа қызмет етудің үлгісін көрсете білген Шона Смаханұлы, Балтабай Адамбаев сынды қайсар қазақтар кейінгі жас буынға үлгі.

де бір еңбегі мемлекеттік тапсырыспен шыққан емес. Сонда біз кімдердің еңбегін дәріптеп жүрміз? Ойлануға тура келеді. 2019 жылы Бөкеңнің туғанына жүз жыл толады. Ғылыми еңбектерінің академиялық жинағын жұрт назарына ұсынатын уақыт жетті деп білеміз. Бөкең марқұмның ағайын-туыстарына да айтатын ескертуіміз бар. Ғалым аға қазақтың ауызша тарихы қазақ шежіресін бір ізге түсіруде де көп еңбектенді. Орта жүздің нөкта ағасы Тарақты ұлысының ата-тегін дәйектеудегі байсалды тұжырымдары еш дау туғызбайды. Бөкең - кең тынысты ғалым болатын. Алған тақырыбын шалағай-шарпы қарпып үстірт топшылауға әсте бармайтын еді. Еңбектері былай тұрыпты, қағазға түсірген жай мақалаларының өзі шымырлығымен сүйсіндіреді. Сақ дәуіріне барлау жасаған ғылыми ізденісіне дау айта алмайсың. Қазақтың мақал-мәтелдерін саралаған байсалды зерттеуінде зәредей селкеу жоқ. Қазақтың отауызды орақ тілді би-шешендерінің даналық ойларын пышыратпай «орамалға түйген сусардай» шымырландырып шығарған сарабалдығына тәнті боласың. Ғалымның еңбектеріне жан-жақты баға беріп талдап шығу бүгінгі буынның еншісінде. Елбасымыз алға қойған рухани жаңғыру тұжырымдамасы ұлт руханиятына қызмет көрсетіп жүрген саналы буынға темірқазықтай айқын бағдар. Елбасының бұл пайымдаулары саналы азаматтарды қанаттандыратын тезис. Өткенді мансұқтап тарихқа үстірт баға беруге жол жоқ. Рухани дүниелерімізді уақыт шаңдағынан аршып алып ұрпақ кәдесіне жаратуды бағдарға алу басты мақсат. Келешектің кемелденуі үшін ұлттық құндылықтардың аяқ асты қалмауын қарастыратын уақыт жетті. Ұлт жадын көмескілейтін дүмбілез жазылған еңбектерге сын көзімен қарау керектігі - Елбасы тұжырымдамасында айрықша атап көрсетілген.

Балтабай Адамбаев - ұлт руханиятын байытатын татымды еңбектер қалдырған ғалым. Бұл - жалғыз менің пікірім емес, көптің көкейіндегі ой.

Өмір КӨРІПҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі.